



14-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Еркіндік принципін негіздеу





Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Еркіндік принципін негіздеу
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Құқықтарға негізделген мүдделер

Еркіндік принципінің тамырын зерттеуде Джонатан Вулф Милльдің жаңа идеяға келгенін байқайды. Ол құқық деп қарастырылуы тиіс мүдделер немесе «құқықтарға негізделген мүдделер». Жаңа категория зерттеліп отырған міселердің жаңа қырын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, дейді Вулф, менің меншігімді, біреулердің күшпен тартып алуға кепілдік беретін заңдар бар екеніне қарамастан, менің дәл сол секілді экономикалық бәсекелестіктен қорғалуға құқығым жоқ. Шын мәнінде, құқық деп қарастырылмайтын көптеген мүдделер бар. Менің ауқатты тәтем мені өзінің мұрагерлік өсиетінен алып тастаған кезде менің мүдделерім зардап шегуі мүмкін, алайда ол менің құқықтарымды бұзып отырған жоқ.

Либералды орталарда адамдардың негізгі құқықтарының болуы фундаменталді аксиома болып саналады. Әдетте оларға өмір сүру құқығы, сөз және ой еркіндігі, еркін жиналу және жүріп-тұру еркіндігі, сондай-ақ дауыс беру және өз кандидатураларын ұсыну құқығы жатады. Кейбір теоретиктер, лайықты өмір деңгейіне тұрғын үй, тамақтану және денсаулық сақтау құқықтарын қосады. Осы құқықтардың басым көпшілігі қазіргі таңда «адамзат құқықтары» немесе «әмбебап құқықтар» деген атаумен белгілі. Бұрынырақ олар «адам құқықтары» немесе «табиғи құқықтар» деп аталған еді.

Біздің бәріміздің құқықтарымыздың бар және олар құрметтелуі тиіс деген барлығына таныс және жұбаныш беретін идея. Өз азаматтарының құқықтарын есепке алмайтын мемлекеттер қатаң халықаралық сынға ұшырайды.

Дегенмен, табиғи құқық идеясы өте күрделі түсінік. Шын мәнінде, табиғи құқықтар теориясының бастапқыда тартымды тұстары оның әлсіз тұстарына айналады; бұл теорияға сәйкес, табиғи құқықтар негізгі, фундаменталды немесе аксиома және ол барлық кейінгі шешімдердің негізін құрауы тиіс.

Құқық құқықтық идея ретінде көрінеді

Бентамның ДЖЕРЕМИ БЕНТАМ (1748–1831) табиғи құқықтар идеясына қатысты әйгілі шабуылы құқық құқықтық идея ретінде көрінеді деген бақылауынан басталады. Біз құқықтар мен міндеттемелерді заң үлестіреді деп ойлаймыз. Заңдар Сізге дауыс беру құқығын, жәрдемақы алу құқығын, полиция тарапынан қорғалу құқығын және т.б. береді. Бентамның пікірінше, бұлардың барлығы құқық болып табылады. «Мен заң баласы болғандықтан құқық менімен бірге... Ал табиғи құқықтың ешқашан әкесі болған емес». (Ауыртпашылықсыз қамтамасыз ету [1795], 73.) Егер бұл дұрыс болса, онда бұл табиғи құқықтар идеясын - Жер заңдарынан тәуелсіз етеді - ақылға қонымсыз нәрсе (Анархиялық қателіктер 1796 жылы жазылған, алғаш рет 1814 жылы жарияланған, 53) Бұлай болу мүмкін емес.

Әрине, Бентамның аргументтерімен әркім келісе бермейді. Локк сияқты теоретиктер Бентамның басты болжамын теріске шығарады: олардың пікірінше, құқықтар тек қана заң арқылы ғана құрылады. Бірақ Милль Бентам көзқарасын бөлісіп, табиғи құқықтардың идеясына үлкен күмәнмен қарады. Бұл оның абстрактілі құқық идеясын қолдануға ниетті емес екенін білдіреді. Егер Милль табиғи құқықтарды қабылдай алмаса не кәдімгі құқықтарға сүйене алмаса, онда оған не қалады? Оның жауабы ол жартылай жоғарыда айтылған, яғни оның абстрактілі құқыққа қарсылығы жарияланған жолда жатыр. Ол «пайдадан тәуелсіз нәрсе» ретінде абстрактілі құқық идеясын қолданбайтындығын айтқан соң, ол былай деп жалғастырады: «Мен пайдалылықты барлық этикалық мәселелерге қатысты ең соңғы үндеу ретінде қарастырамын; бірақ ол кеңірек мағынада, прогрессивті адам ретінде адамның тұрақты мүдделеріне негізделген пайдалылық болуы тиіс». (Еркіндік туралы, 95).

Милль құқықтарды табиғи, фундаменталды немесе жер заңдарының қарапайым салдары деп қарастыратын көзқарасты емес, утилитаризм теориясынан туындайтын құқықтарға негізделген теорияны қорғауға ниет білдірді. Біз утилитарлық теорияны қарастырған болатынбыз және біз сондай-ақ құқықтарды ақтау үшін пайдаланылатын «жанама утилитарлық» дәлелді көрдік. Бұл теорияның Милльдің еркіндік туралы доктринасына қалай ашатынын көрсетпес бұрын, оның негізгі тұстарына тағы да қысқаша шолу жасап өткен жөн.

Милль өзінің Утилитаризм (1861) жұмысында утилитарлық жүйені түсіндіріп, қорғайды. Оның анықтамасы бойынша утилитаризм: «бұл егер іс-әрекеттер (іс-қимылдар) бақытқа алып келетін болса онда олар дұрыс әрекеттер, ал егер бақытқа кері жағдайға алып келетін болса, онда олар бұрыс іс-әрекеттер болып табылады деп түсіндіретін теория. Бақыт - ол рахат көру мен қасіреттің болмауы, ал бақытсыздық - ол ауырсыну (ауру) және рахат алудың болмауы (Утилитаризм, 186). Біз, утилитаризм бізден жалпы әлемде бақыт пен рахат алудың көлемін барынша арттыруды талап етеді деп кеңірек қорытындылай аламыз. (Бұл жалпы Милльдің көзқарасына сәйкес келе бермейді, себебі, мысалы, оның пікірінше, кейбір



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Еркіндік принципін негіздеу

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

интеллект сияқты рахаттар сапалық тұрғыдан басқа дене ляззатарына қарағанда әлдеқайда құнды болып келеді). Алайда, біз бұл қиындыққа назар аудармай ақ қойсақ болады.

Құқық идеясының пайдалылықпен байланысы

Құқық идеясын пайдалылықпен қалай байланыстыруға болады? Милльдің пайымдауынша: Менің ойымша, осындай жағдайда, құқыққа ие болу деген қоғамның менен қорғауы тиіс деген бір нәрсені иелену. Егер, қарсылық білдіруші одан ары сұрақ қойса, ол не болуы мүмкін? Мен оған жалпы пайдалықтан басқа ешқандай басқа себеп айта алмаймын («Утилитаризм, 226).

Қысқаша айтқанда, негізгі идея - жалпы бақытты арттыратын құқық жүйесін әзірлеу. Яғни, біз адамдарға осы құқықтардың құрылымы аясында кез келген балама жүйеде мүмкін болатындай бақытқа көбірек қол жеткізу үшін ерекше құқықтар береміз. Мүмкін, бұлай ойлаудың ең жақсы жолы - өзімізді утилитарлық заң шығарушының орнына қою. Өзіңізді құқықтық жүйені құруға жауапты және оны жалпы заңдардың, бақытты барынша көбейтуге бағытталғандай етіп қалыптастырғыңыз келеді деп елестетіп көріңіз. Мұндай жағдайларда сіз тек бір ғана заң жасауға керек деп ойлау аңғалдық болар еді: «Бақытты барынша көбейту (арттыру) үшін әрекет ету». Бірақ, бұл ондай анық емес.

Біз 2-тарауда қарастырылған тікелей және жанама утилитаризм арасындағы айырмашылықты есімізге түсіруіміз керек. Тікелей утилитарист, кез келген жеке тұлға қолжетімді балама жағдайға қарағанда әрқашан көбірек бақыт алып келетін әрекет жасауы тиіс деп санайды. Осы тұрғыдан қарастырғанда, өзіміз көріп отырғандай, кейде ашуланған топты тыныштандыратын және мүмкін болатын апатты жағдайды бәсеңдететін кінәсіз адамды жазалауға болады деп айтылады. Тікелей утилитарист жазықсыз адамның көрген бейнетін, өтіріктің халық алдында әшкереленетінін, бұқара халықтың кінәлі жақты табу талпыныстарының мүмкін салдарын, сонымен қатар осы жағдайдың негізінде қалыптасатын күйініш пен ғанибеттің үйлесімділігіне әсер ете алатын басқа факторлардың бәрін таразылап алу керек. Егер, жалпы нәтижелер біздің кінәсіздерді жазықтаудың арқасында бақытты арттырып жатқанымызды көрсетсе, онда біз осылай істеуге міндетті екенімізді білдіреді.

Жанама утилитарист әлдеқайда шебер стратегияны ұстанады. Осы тұрғыдан алғанда заң мен моралдың мақсаты бақытты арттыру деп қарастырылғанымен, бұл мақсат адамдарға өз бақытын жеке түрде арттыруға ұмтылуға мүмкіндік бере отырып, әрдайым жүзеге асырылмайды деп тұжырымдалып отыр. Соңғы мысалды қарастырайық. Мысалы, утилитарлықтың кейбір адамдарды жазықсыз айыпты етудің арқасында алға ілгерілеуі (дамуы) шындық деп қабылдайық. Бұл туралы бәрі де біледі деп шамалайық. Сондықтан, әркім осындай жағдайдың құрбаны болуының мүмкін екендігін түсінеді. Бұны білудің өзі халық арасында алаңдаушылық пен жабырқаушылықтың атмосферасын туындатуы мүмкін. Жазықсыз айыпты болу мүмкіндігі жалпы бақыт үшін зардабын тигізеді. Сәйкесінше, жанама утилитарист ешбір адам кінәсі дәлелденбей тұрып ешқашан жазаланбаса ол жалпы бақытты әлдеқайда жақсырақ жүзеге асыруға себін тигізеді деген ұйғарым шығара алады. Дегенмен, жазықсызды айыптаудан пайда көретін бірнеше, ерекше жағдайлар болғанымен, ұзақ мерзімде біз утилитарлық тұрғыдан әркімге құрбан болудан иммунитет - құқық беретін жағдайдан әлдеқайда көбірек ұтамыз. Міне бұл, құқықтардың утилитарлық теориясын шығарудың жобасы. Қысқа мерзімді тұрғыдан, бізге құқықты бұзу ұтымды болғанымен, егер ұзақ мерзімді салдарды есепке алатын болсақ, онда Утилитаризм құқықтар сақталуы тиіс деп тұжырымдайды.

Утилитаризмнің құпия болып қалғаны жақсы болар еді

Шын мәнінде, жанама утилитаризм бір қадам алға ілгерілеуге болар еді, алайда, Милль оны өзі үшін жүзеге асырмады. Генри Сиджвик (1838–1900) алғашқы утилитаристердің ішіндегі ең терең және және тәжірибелі ойшылдарының бірі утилитаризмді дұрыс моральдық теория деп есептесе де, кейде оның құпия болып қалғаны жақсы болар еді деп тұжырымдайды. Бәлкім, көптеген адамдардың күнделікті өмірі үшін тікелей және қарапайым ғана ережелерді ұсыну керек шығар, мысалы: өтірік айтпау, өлтірмеу, алдамау және тағы басқа. Мұның себебі, егер қарапайым адамдар утилитаризмнің шындығын білсе, онда олар тікелей утилитарлық терминдерді бағалауға ұмтылуы мүмкін. Бұл тек жоғарыда аталған себептері үшін ғана кері әсерін тигізіп қоймайды; адамдардың басым көпшілігі өмірі туралы қам жемегендіктен немесе қабілеттерінің жоқтығынан, әлде жеке мүдделерін арттыруының себебінен теріс есеп жасайтын еді (2 тараудағы Юмның көзқарастарын біздің ой толғауларымызбен салыстырып көріңіз). Сиджвиктің ойынша, утилитаризмді тек көзі ашық элитаға мәлім, қолжетімді «эзотерикалық» доктрина ретінде сақтау



Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Еркіндік принципін негіздеу
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

әлдеқайда дұрыс. (Оның қарсыластары бұл көзқарасты «үкімет үйінің утилитаризмі» деп атап кетті. Ол азаматтарға, империялық кезеңдегі Еуропалық державалардың өздерінің отарларына қараған сияқты, қамқоршы ретінде қарайды.)

Мен айтып өткендей, Милль бұл мәселенің мәнін түсінуде алысқа бара қойған жоқ, және де оның жеке жанама утилитаризмі анық емес, тек жалпы оның көзқарасынан ұйғарылып отыр. Алайда, біз жанама утилитаризм идеясының құндылығын бағалағаннан кейін құқықтардың утилитаристік теориясы қаншалықты мүмкін екенін көре аламыз. Бұл өз кезегінде, утилитарлы заң шығарушыға мәлім болады. Жанама утилитаризмді түсіну - бақытты арттыруға бағытталған жалғыз ғана заңды қабылдаудың орнына, утилитарлы заң шығарушы жалпы бақытқа үлес қосу тұрғысынан әлдеқайда жақсы істер атқара алады, яғни адам құқығының қорғалуына кепілдік беретін, оны құрметтейтін заңдардың анағұрлым кең жинағын шығара алады дегенге негізделеді. Шын мәнінде, Бентам мен Милль бірінші кезекте қоғамға емес, заң шығарушыларға үндеу салып отырмыз деп ойлаған болуы керек. Түптеп келгенде, Бентамның осы тақырыпқа қатысты кітабы да «Мораль және заң принциптеріне кіріспе» деп аталады (1789).

Және осыдан ары біз бұл бөліктердің бірігуін көре бастаймыз. Милльдің ойынша, адамдарға ешкімнің де араласуына жол берілмейтін, құқыққа негізделген мүдделердің жеке меншік саласын беру арқылы үлкен бақытқа кенелуге болады, ал қоғамдық салада тек утилитарлы себептер негізінде ғана араласуға мүмкіндік беруге болады.

Жеке және қоғамдық салалар арасындағы шекара

Бұл жеке және қоғамдық салалар арасындағы шекараны қалай белгілеу керек екенін шешеді? Милль бұған тікелей жауап ұсынбайды, алайда, бұл сұраққа дайын жауап бар. Біріншіден, біз жеке сала «құқыққа негізделген мүдделер (заңды мүдделер)» саласымен бірдей екенін мойындаймыз. Содан кейін біз құқықтарға негізделген мүдделер (менің жеке қауіпсіздігіме қатысты мүддем) мен басқа да мүдделер (менің тәтемнің өсиетімнен шығып қалмау жөніндегі мүддем) арасында қандай айырмашылықтар бар деген қиын мәселені көтереміз. Утилитаризм теориясы бұл сұраққа жауап береді. Егер біз адамдардың көше бойында шабуылдан аман жүруін қорғайтын заң қабылдасақ, онда ол жалпыға ортақ бақытқа қызмет етеді, ал егер, біз тәтелердің өз туыстарын өсиеттен шығаруға болатын не болмайтынына қатысты шектеулер қоятын болсақ, бұл жалпы бақытты төмендетеді (зиян келтіреді, азайтады).

Басқа мысалдар мұны анығырақ түсіндіруге көмектесе алады. Біз Милльдің ой еркіндігін қорғауға деген ниетін кеңірек көре аламыз. Неліктен? Себебі, бұл ақиқатқа жетуге барынша себін тигізуі мүмкін және Милль ақиқат туралы білім бақытты арттырады деп есептейді. Осылайша, ой еркіндігіне біздің құқықтарға негізделген мүддем бар деп болжаймыз. Бірақ Милль жеке бизнесті адал бәсекелестіктен қорғағысы келмейді. Неге олай? Себебі, Милльдің ойынша, еркін сауданың утилитарлық артықшылықтары ол басқа жүйелерге қарағанда бақытты әлдеқайда жоғары деңгейде қамтамасыз етеді. (бірде бір жүйе бақытты, утилитарлық жүйе сияқты жоғарғы деңгейде қамтамасыз ете алмайды). (Мысалы, индивидтердің белгілі бір игіліктерді қамтамасыз етуде монополия орнатқан феодалдық жүйе үлкен тиімсіздікке әкелді.) Сондықтан адамдарға олардың қаржылық мүдделерін бәсекелестіктен қорғайтын құқықтар емес, бизнесте бәсекелестікке құқық берілуі тиіс. Бұл ұстаным біршама күрделі, өйткені, Милльдің айтуынша, біздің өз жеке меншігімізді ұрлық пен алаяқтықтан қорғай алатындай құқығымыз болуы керек. Милльдің ойынша, Жанама утилитаризм экономикалық бәсекелестікті қорғауды қамтымайды. Еркіндік қағидасын осындай утилитарлық тұрғыдан қорғау шындыққа жанасатын сияқты. Құқықтардың утилитарлық теориясы жетіспей тұрғанды жерді толықтырады: яғни

Милльдің табиғи құқықтар теориясының негізі жалған деп қарастыратын тұжырымға да, келісімнің тұрақсыз шарттарына да сүйенбейтін құқықтар доктринасын ұсынады. Шамасы, бұл бізге Милльдің осы ұсынысын толықтай түсінуге мүмкіндік береді. Алайда, Милльдің еркіндік қағидасын утилитарлық теория тұрғыдан қорғауға болады деген ой-тұжырым өткір сынға ұшырады. Осы орайда, пайдалылық (тиімділік) пен еркіндік бір-бірімен қақтығысушы тараптар ретінде көрінетін мысалдарды да табу қиын емес. (пайдалылық пен тиімділік бір-біріне қайшы келетін мысалдарды көрсету де қиын емес. Бір сыншы айтқандай: Өзінің залалды әдетінен арылған нашақор әлі де оның зиянды салдарын білмейтін бірқатар жастарды құрдымға жетелеуші жолда тоқтатуға утилитарлық көзқарас тұрғысынан тоқтатуға толықтай негізі бар. (R. P. Wolff, *The Poverty of Liberalism*, 1968, 29). Басқаша айтқанда, утилитаризм Еркіндік қағидасы анық теріске шығаратын масылдық (патерналистік) тәсілді қолдайтын сияқты көрінеді: естеріңізде болса, Еркіндік қағидасы бір адамның басқа адамның ісіне, тіпті өзінің игілігі үшін де араласуға жол бермейді.



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Еркіндік принципін негіздеу

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Осылайша, либералды құқықтарды утилитарлық тұрғыдан ақтауға болмайды деген ой тұжырымдалып отыр. Бұл қарсылық құқықтардың утилитарлық теориясын құру мүмкін болған жағдайда да, ол утилитарлы теорияның либералды болуын білдірмейді деген қорытындыны шығарады. Неліктен біз ұзақ мерзімде, қарапайым мораль арқылы басқарылатын қоғамға қарағанда Милльдің ұсынған қоғамында бақыт әлдеқайда көбірек болады деп ойлаймыз. (немесе Неліктен біз, ұзақ мерзімдік тұрғыдан қарастырғанда, Милльдің қарапайым моральмен басқарылатын қоғамды өзінің ұсынып отырған қоғамымен алмастырған жағдайда бақытты арттыруға болады деп ойлауға тиіспіз?) Немесе, кейбір қоғамдарда көреген, тәжірибесі мол үлкен кісілерге өз қоғамдарының кіші мүшелерінің өмірін бағыттауға құқық берілуі тиіс пе?

Милльдің бұл мәселеге қатысты жауабын бағалау үшін, біз «Еркіндік туралы» кітаптағы Милльдің пайдалылыққа қатысты адалдығын жариялаған (білдірген) тұжырымдамаға қайта үңілуіміз тиіс: «Мен пайдалылықты этикалық мәселелерге қатысты ең ақырғы дәлел ретінде қарастырамын: алайда, ол прогрессивті (дамушы) тіршілік иесі болып табылатын адамның тұрақты мүдделеріне негізделген, кең мағынадағы пайдалылық болуы тиіс» (Еркіндік туралы, 95). «Кең мағынадағы, пайдалылық ұғымы рақат пен бақыттың барлық, яғни, интеллектуалды, эмоционалды, сонымен қатар тәндік түрлерін қамтуы тиіс. Алайда, ол неліктен «прогрессивті тіршілік иесі болып табылатын адамның тұрақты мүдделеріне негізделген» деген фрагментті қосып отыр? Барлық нәрсе анық болғанға дейін (эрнәрсе өз орнына орналасқанға дейін), біз Милль көзқарасының тағы бірқатар аспектілерін тереңірек қарастыруымыз тиіс.

Индивидуалдылық (жеке тұлғалық) және прогресс

Бұл мәселенің негізгі шешімі Еркіндік туралы еңбектің «Индивидуалдылық (жеке тұлғалық) әлауқыттылықтың бір элементі ретінде» деп аталатын 3 тарауда жатыр. Бұл жерде, Милль адамдардың жеке саласына (өміріне) араласпау құқықтарын кеңейту жалпы бақытты арттыруға үлкен себін тигізетіндігін көрсетуге тырысады. (адамдарға араласпау құқықтарының жеке саласын кеңейту?) Бұл тарауда Милль ерекшелік пен мінез-құлықтың даралығына еркіндіктің маңыздылығын басып айтады. Және Милльдің ойынша, «Жеке тұлғаның еркін дамуы әл-ауқаттың басты негіздерінің бірі. «(Еркіндік туралы, 132). Бұл жерде Милль бірнеше ескертпелер жасағысы келеді және оларды Милльдің ең алғашқы және ең ықпалды сыншыларының бірі Джеймс Фицджеральд Стивеннің (1829-1894) алғаш рет 1873 жылы жарияланған «Еркіндік, Теңдік, Бауырластық» кітабының аясында қарастырған жөн болады.

Стивен еркіндікті өздігінен әрқашан жақсы (игілік) деп ойлау сандырақтық деп есептеді. Керісінше, ол от тәрізді деп тұжырымдады. От өздігінен жақсы ма деп сұрау ақылға қонымсыз болар еді: ол әрқашан да оны қолданудың мақсатына байланысты. Сонымен бірге Стивен оның аналогиясын да таңдап қойды. Біздің бақылауымыздағы от бізге ең маңызды технологиялық жетістіктерімізді, атап айтсақ, іштен жанатын қозғалтқышты берді, ал, мысалы, біздің бақылауымыз (билігімізге көнбейтін, бағынбайтын) от үлкен қорқыныш пен жиі үлкен апатқа алып келуі мүмкін. Бұл жағдай, Стивеннің пікірінше, еркіндікке де қатысты. Милльдің өзі де еркіндік әрдайым «дамуға» алып келмейді деп мойындауға дайын Алайда, ол дамудың бірден-бір бұлжымас (өзгермейтін) және тұрақты негізі - еркіндік» деп басып айтады (Еркіндік туралы, 143). Еркіндікті алға жылжыту (дамыту) кез келген басқа да бәсекелес саясатқа қарағанда адамзат бақытына әлдеқайда көбірек үлес қосады. Милльдің бұлай деп айтуға бірнеше себептері бар.

Біріншіден, ол адамдар қателіктер жіберсе де, олар өздерін не бақытты қылатыны жөнінде басқаларға қарағанда әлдеқайда дұрыс болып келеді деп айтады. Ақыр аяғында, олар бұл мәселеге басқаларға қарағанда әлдеқайда көбірек көңіл бөліп, ойланады. Дегенмен, Милль адамдардың еркіндікті қазіргі жағдайына қарағанда әлдеқайда көбірек (қолайлырақ) қолдана алатындығын мойындайды, себебі, оның айтуынша, адамдар әдетте билікті теріс пайдаланады және әрекет етпес бұрын былай деп сұрайды: менің жағдайым үшін не қолайлы? әдетте менің орным мен материалдық жағдайымдағы адамдар не істейді? немесе (одан зорғысы) менің жағдайым мен шарттарыма қарағанда әлдеқайда жоғары тұратын адамдар әдетте не істер еді? (Еркіндік туралы, 136). Милльдің ойынша, Пікірдің тәуелсіздігі әлдеқайда сапалы нәтижелерге алып келеді. Алайда, оның пікірі ешкім де басқа адамдардың мінез-құлқына әсер етпеуі тиіс дегенді білдірмейді. Керісінше, ол біздің әрқайсымыздың, егер біреулер бұрыс немесе зиянды жолмен жүріп бара жатқанын сезсек, олардың қателіктерін көрсетуге міндетті болуымыз керек дегенді айтуға тырысады. Біз адамдармен бірге пайымдап, пікір таластыра аламыз. Бірақ, бұл біздің қолымыздан бар келері осы. Күш қолдану мәселесі көтерілмеуі тиіс:

Адамдар біреудің тұжырым шығаруына көмектесетін пайымдаулар мен оның еркін нығайтатын кенестер ұсыну керек, тіпті оған мәжбүрлеуі (таңуы) мүмкін: алайда, ақырғы шешімді қабылдайтын тек



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Еркіндік принципін негіздеу

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

жеке тұлғаның өзі ғана. Егер ол айтылған кеңестер мен сақтықтарға қарамастан қателіктер жасаған болса, онда ол басқалардың өзіне қатысты игіліктерді анықтауына деген жол беріп, зұлымдыққа бой алдырды (Еркіндік туралы, 148)

Дегенмен, Милльдің пікірінше, осындай шаралар келісілген әлеуметтік қысымға сәйкес келмеуі тиіс, алайда, іс жүзінде ол бұл айырмашылықты қалай анықтау керектігін нақтыламайды. Жалпы алғанда, Милль егер адамдардан қоғамның кеңестерін ұстануды талап етуден гөрі, оларға өздерінің іс-әрекеттерін өздері анықтауға мүмкіндік беру оларды әлдеқайда бақыттырақ етеді деген пікірді ұстанады.

Еркіндіктің екінші себебі ол ұзақ мерзім тұрғысынан әлдеқайда тиімді шешімдер қабылдауға алып келумен қатар, таңдау еркіндігі адамзат табиғатын кеңірек (толығырақ) дамыту үшін өте маңызды. Дәстүрдің құлы болған (дәстүрге байланған) адамдар, Милльдің пікірінше, ешқашан толыққанды, дамыған жеке тұлғаларға айналмайды. Олар міндетті түрде бақытсыз болғандықтарынан емес, бірақ, олар адамзаттың ең маңызды ерекше қабілеттерінің бірі, таңдау қабілетін дамыта алмағандығы үшін толыққанды дамыған жеке тұлға бола алмайды.

Милльдің еркіндік пен жеке даралықты қорғауының ең маңызды және үшінші себебі төмендегідей:

Адамзат толыққанды жетілмеген болғандықтан түрлі пікірлердің болуы пайдалы болғанындай, түрлі өмірлік тәжірибелердің де болуы қажет; мінез-құлықтың алуандылығы еркін таралып, басқаларға зиянын тигізбеуі тиіс; өмір сүру жолдарының әралуандылығының құндылығы іс жүзінде дәлелденуі тиіс (Еркіндік туралы, 132).

Милльдің айтуынша, «әрбір тұлға өзінің жеке даралығын дамытуына орай ол өзі үшін де неғұрлым құнды (бағалы) болып келеді және сәйкесінше басқалар үшін де неғұрлым құнды болуға қабілетті болады» (Еркіндік туралы, 137). Милль идеясының мәні - жеке тұлғаларға «өмірлік тәжірибелерге (эксперименттеріне)» қатысу құқығын беру арқылы адамзаттық прогреске ықпал етуге болады. Осы мүмкіндікті пайдаланатындар «табысты» эксперименттер жүргізе алады және осылайша басқа адамдар да ере алатын (үлгі тұтатын) өмір стиліне келе алады. Басқаша айтқанда, рөлдік модельдер басқа адамдарға өз өмірлерін қалай басқаруға (қалай өмір сүруге) болатындығын көрсете алады және осы рөлдік модельдерден жасампаздығы төмен тұлғалар өздері үшін түрлі мүмкіндіктерді қолдана алады.

Дәл осы тұста, біз Милльдің ең оптимистік көзқарасын және оның «яғни прогрессивті тіршілік иесі ретінде адамның тұрақты мүдделеріне негізделген кең мағынадағы пайдалылыққа» қатысты ұстанымын көре аламыз. Милль ұзақ мерзімде барлығына пайда алып келетін тәжірибеден үйрене алуға қабілетті деген мағынада адамзатты прогрессивті деп есептейді. Тәжірибелер (эксперименттер) арқылы кейбір (бірқатар) жеке тұлғалар адамзаттың тұрақты пайдасы үшін өте маңызды нәрселерді үйрене алады. Өз тәжірибелерін жүргізуге жасқанатын адамдар әлдеқайда іскер адамдардан үйрене алады. Бізге ұсынылған түрлі мүмкіндіктерді қарастыра және бақылай отырып, адамзат баласы өзінің гүлденуіне қандай өмір сүру жолдары тиімді екендігін біледі. Эксперименттің шарты ретінде еркіндіктің өмірлік маңызы бар. Әлбетте, осы Милльдің еркіндік ұзақ мерзімде адамзат үшін мүмкін болатын ұлы бақытты қамтамасыз ете алады деп сенуіне басты себеп болды.

Милль тыс оптимист болғаны ма? Джеймс Фицджеральд Стивеннің пікірі осындай болды. Ол Милль адамдарға еркіндік беру жігерлі эксперименттерге алып келуі мүмкін деп ойлауында қателеседі деп сын айтты. Басқалардың өміріне араласпау еркіндігі (басқалардың араласпау еркіндігі) сондай ақ бекершілік (дырдулық, бостық) пен өмірге деген қызығушылықтың жоғалуына да алып келуі мүмкін. Алайда, Милльдің жобасына әлдеқайда көбірек қауіп төндіретін тереңірек қорытынды да жасауға болады.

Мен ұсынған Милльдің түсіндірмесінде, оның ұстанымының ауыр салмағы оның «адамзат баласы эксперименттен (тәжірибеден) үйренуге қабілетті прогрессивті тіршілік иелері» деген тұжырымына түседі. Соңғы ғасырлардың тәжірибесі бұл көзқарасты жоққа шығарады ма? Егер ол рас болса, онда мәселе Милль ұстанымынан шығып қалады. (Милль ұстанымын теріске шығарады) Адамзат өзінің қателіктерін қайталауды жалғастырып келеді. Егер адамдар басқалардың тәжірибесінен сабақ алмаса, Милльдің өмірлік тәжірибелерді дамыту жөніндегі себебінің маңызы да жоғалады. Егер біз үйренуге дайын болмасак, онда басқа адамдарға жаңа өмір салтын көрсетулерінің мәні неде? Өмір эксперименттерін қандай да бір осындай қорғаусыз, Милль дәлелдері бойынша, жеке даралық пен еркіндікті негіздеу (ақтау) жеткіліксіз. Шынында да, кейбір адамдар, жалпы Милль бейнелеген, «балалар мен варварлар» күйінде қалады: олар еркін және тең сұхбат арқылы дамуға қабілетсіз болып келеді. Милльдің айтуынша, осы тәріздер адамдар, кем дегенде утилитарлық есепке (бағаға) сай, еркіндікті алу үшін жарамды емес. Бәлкім, адамның жақсаруына қатысты бұл пессимизмнің түрі тым асыра сілтеушілік болар. Алайда, егер ақиқат осылардың ортасында жатса, яғни, адамдар, Милль ойлағаннан гөрі жетілуге деген қабілеттері төмен



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Еркіндік принципін негіздеу

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

болса, онда тиісінше, еркіндіктің утилитарлық негіздемесі де әлсірейді. Прогресс Милль доктринасының негізі (іргетасы) болып табылады.

Еркіндік ажырамас (басты, ең маңызды) игілік

Милль Еркіндік принципін утилитарлық тұрғыдан қорғауға тырысуында қателесуі мүмкін бе? Шын мәнінде, Милль еркіндікті инструменталды тұрғыдан құнды деп көрсетті: ол қоғам үшін мүмкін болатын ұлы бақытқа қол жеткізудің жолы ретінде құнды. Мүмкін, ол еркіндік өздігінен (табиғатынан) игілік деп қарсылық білдіруі керек еді. Егер біз көптеген заманауи либералдар сияқты осы көзқарасты ұстанатын болсақ, онда біз мүмкін, бақытты барынша арттыру, либералды емес қоғамды талап етеді деген мәселеден құтыламыз. Еркіндік қандай нәтижелерге (салдарға) алып келмесе де, ол құнды. (Еркіндіктің қандай салдары болмасын, ол құнды)

Кейбіреулер өздігінен игілік болып табылатын ешнәрсе жоқ деп қарсылық білдіреді: кез келген нәрсенің құндылығы, өздігінен емес, белгілі бір нәрсеге қатысты бағаланады. Алайда, Милль өзі, кем дегенде бір нәрсе өздігінен игілік болып табылатын нәрсе бар, ол бақыт деп қабылдайды. Утилитаристтер тек бақытты қана игілік деп қабылдайды. (Бірден бір игілік ол бақыт қана). Кез келген нәрсе оның жалпы бақытқа қосар үлесі тұрғысынан ғана негізделуі (ақталуы) тиіс. Олай болса, біз неліктен өздігінен игілік болып табылатын яғни бақыт және еркіндік сияқты екі (немесе одан да көп) игіліктер бар деп айта алмаймыз? Шын мәнінде, кейбір комментаторлар бұл Милльдің шынайы көзқарасы екенін айтуға бейім болды, алайда, ол оны теріске шығарды.

Милль өз көзқарастарын осылай түсіндіруден бас тартар еді. Ол еркіндік негізінен жақсартудың (дамудың) құралы ретінде жақсы екендігін нақты айтты, сонымен қатар оның балалар мен варварлар (жабайылар) жағдайында еркіндікке негіз жоқ және оның әсері болмайтындығын айтты. Еркіндік бұл біздің бақытымызға үлесін қосқан кезде ғана игілік (жақсы), алайда, содан кейін ол тәуелсіз (жеке дара) құндылық болудан гөрі, біздің бақытымыздың бір бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, шексіз (бұғаусыз) еркіндік анархияға алып келуі мүмкін. Утилитаризм біздің қандай еркіндігіміз болу керек, ал қандай еркіндігіміз болмауы тиіс жөнінде есеп береді. Мысалы, Милль сауда саласында адамдарға бәскеге түсу үшін еркіндік берілуі тиіс, ал біреудің затын оның рұқсатынсыз пайдалануға еркіндік берілмеуі тиіс деп есептейді. Оның ұстанымы бізге еркіндікке шектеу қоюға мүмкіндік береді, сонымен қатар, оған үлкен құрметпен қарауды талап етеді.

Бұл Милль тәсілдемесі үшін сенімді дәлел емес. Еркіндікке тек утилитаризм ғана шектеу қоя алады деу дұрыс емес: мүмкін, еркіндікке басқа еркіндіктер немесе әділдік үшін де шектеулер қоюға болады. Сонымен қатар, утилитаризмге сүйенбеу, еркіндікті қорғаудың басқа да жолдары бар, мысалы Джон Роулздың утилитарлық емес тәсілдемесінен көруге болады. Милльдің аргументі либерализмді қорғауға қатысты әрекеттердің тек бір ғана жолы. Алайда, еркіндік принципі бізге ақылға қонымды, дегенмен, либералды саяси философия үшін күрделі тұжырым ұсынады. Бұл біз қабылдауға тиісті мәселе ме? Барлығы бұнымен келіспейді (бұлай ойламайды).